

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/PMEP9895>***Қ. Т. Жанұзақова¹, Ә. Ғ. Тұрар²**^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7170-8362>²ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-0914-416X>*e-mail: alima.turar@mail.ru

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ДЕБАТ ЖӘНЕ ПІКІРТАЛАС ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Бұл мақалада драмалық жанрдың ерекшеліктері, оның оқу процесіндегі орны мен маңызы жан-жақты талданады. Мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінен драмалық шығармаларды оқытудың тиімділігі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту әдістемесіне қойылатын жаңа талаптар аясында дебат және пікірталас сияқты белсенді әдістердің маңыздылығы айқындалады. Аталған әдістер әдебиет сабағында оқушылардың сыни ойлауын дамыту, олардың шығарманы терең түсінуіне ықпал ету және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда маңызды құрал ретінде зерделенеді. Зерттеу нысаны ретінде М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек», Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және Д. Исабековтің «Әпке» драмалары қарастырылады. Мақалада драмалық шығармаларды талдаудың теориялық және әдістемелік негіздері талданады. Дебат әдісін драмалық шығармаларды оқытуда қолдануға байланысты шетелдік ғалымдардың пікірлері мен еңбектері қарастырылады. Зерттеу барысында аталған әдістердің теориялық негіздері талданып, оларды әдебиет сабағында тиімді қолдану жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, драмалық шығармалардағы кейіпкерлер мен қақтығыстарды талдауда дебат және пікірталастың рөлін айқындау мақсатында практикалық тәсілдер көрсетіледі. Мақалада интербелсенді оқытудың драмалық шығармаларды оқытуға қатысты әдістерін жүйелеп, оны мысалдар арқылы нақты көрсетіледі. Сондай-ақ, білім алушылардың драмалық шығармаларды қабылдау ерекшеліктері мен оларды тиімді меңгертудің әдістемелік жолдары ұсынылады.

Кілтті сөздер: драма, көркем шығарма, оқыту әдістері, интербелсенді оқыту, дебат, пікірталас, білім мазмұны.

Кіріспе

Әдебиет – көркем өнер түрі ретінде адам өмірін, рухани болмысын бейнелейтін маңызды құрал. Әдебиетті оқыту барысында эпос, лирика, драма жанрларының әрқайсысы өзіндік көркемдік ерекшеліктерімен дараланады. Соның ішінде драмалық шығармалар құрылымы мен мазмұны жағынан ерекше орын алады. Драма – әдебиеттің бір саласы және театр өнерімен тығыз байланысты жанр. Екіжақты сипатын ескере отырып мектеп бағдарламасында драмалық шығармаларды оқытуды жүйелі ұйымдастырудың маңызы зор.

Драмалық шығармаларды оқытудың жемісті болуы оның әдістемесін дұрыс ұйымдастырумен және тиімді оқыту тәсілдерін таңдаумен тікелей байланысты. Әдебиет сабағында оқушылардың сыни ойлауын дамыту, олардың шығарманы терең түсінуіне ықпал ету, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру маңызды. Бұл тұрғыда дебат және пікірталас әдістері драмалық шығармаларды оқытуды тиімді құрал ретінде қарастырылады. Дебат оқушыларды өз көзқарасын қорғауға, дәлелдерді сараптауға, қарсы пікірді талдауға үйретсе, пікірталас олардың шығармашылық ойлауын, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сабақтың тақырыбына сай оқыту әдістері дұрыс таңдалмаса, драмалық шығармаларды оқыту әдістемесінің әлсіздігі байқалады. Оқушыларға сапалы білім берууді қалыптастыруда теориялық білім мен практикалық талдау әдістерін ұштастырып, драмалық шығарманы оқыту әдістерін жүйелеу басты міндет. Бұл мақалада әдебиет сабағында драмалық шығармаларды оқытуда дебат және пікірталас әдістерін қолдану жолдарын нақтылау – зерттеудің басты мақсаты ретінде белгіленеді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеуде драмалық шығармаларды оқыту әдістемесін қарастыру мақсатында әдебиеттануға қатысты зерттеулерге, педагогикалық және әдістемелік еңбектерге талдау жасалды. Негізгі дереккөздер ретінде «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік құралдар, драмалық шығармаларды оқытуға қатысты ғылыми зерттеулер және педагогикалық тәжірибелер пайдаланылды.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, компаративистік әдіс, педагогикалық талдау, эксперименттік-әдістемелік зерттеу және бақылау әдістері басшылыққа алынды. Сонымен қатар, дебат және пікірталас әдістерін қолдану бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Зерттеу нәтижелері драмалық шығармаларды талдау әдістемесін жетілдіруде дебат және пікірталас әдістерінің қажеттілігін айқындап, мектеп бағдарламасында оны тиімді меңгертудің ғылыми-әдістемелік негіздерін жүйелеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Әдебиет өмірді тану құралы ғана емес, адамның өмірге көзқарасын қалыптастыратын, мінез-құлқы мен тұрмыс-тіршілігіне әсер ететін өнер түрі [1, 15-6.]. Жаңа бағдарлама бойынша әдебиет пәні – құндылыққа негізделген оқыту жүйесімен жетекші орында. Осыған байланысты «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің міндеттері ретінде «оқушыларға төл әдебиеттің ұлттық сипатын, ондағы халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасының көрінісін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, көркем туындының идеялық-адамгершілік мәнін түсіндіру; көркем шығармадағы мазмұн мен форма тұтастығын, тарихи-әдеби мәліметтердің негізін және әдебиет теориясын меңгерту; әдеби-теориялық білімін сауатты қолдана алу, ауызша және жазбаша тілін дамыту» деген мәселелер қойылған [2].

Білім мазмұнында мектепте «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда әдебиеттің тектері мен түрлері көрсетілген. Әдебиеттану ғылымында әдебиеттің тегі мен түрлері туралы орныққан ұғым бар. Орта білім беру жүйесінде эпикалық және лирикалық шығармалармен қатар драмалық шығармалар да оқытылады. Драма да әдебиеттің басқа жанрларына тән заңдылықтарға бағынатындықтан, оны оқыту әдістері эпикалық және лирикалық шығармаларды оқыту тәсілдерімен үндес келеді. Алайда драмалық шығармаларды меңгерудің өзіндік ерекшеліктері де бар.

Драма – әдебиеттің дербес әрі маңызды жанрларының бірі. Ол жазылу формасы мен қоғамдағы рөлі тұрғысынан эпостық және лирикалық шығармалардан айрықшаланады. Драмалық шығармалар бір мезгілде әрі әдеби туынды, әрі театр өнерінің негізін құрайтын материал болып табылады. Сондықтан мектеп бағдарламасында драмалық шығармаларды оқыту барысында оның осы екіжақтылық сипатын ескеру қажет [3, 203-6.].

Драма жанрының ерекшелігі – оның мәтіні тек кейіпкерлердің диалогтары мен монологтарынан тұруында. Драмалық шығарма сахнада қойылғанда «пьеса» немесе «спектакль» деп аталады. Пьеса құрылымдық тұрғысынан өзге жанрлардан ерекшеленіп тұрады. Пьеса белгілі бір құрылымдық элементтерден құралады: афиша, актілер, көріністер және сахналық бейнелер. Сонымен қатар, драмалық шығармаларда авторлық баяндаулар мен суреттеулер кездеспейді. Автор оқиға желісіне, декорацияға немесе кейіпкерлердің әрекетіне қатысты қосымша түсіндірме ретінде ремарка қолданады. Бұл ремаркалар жақша ішінде беріледі.

Қазақ әдебиетінде драмалық жанр салыстырмалы түрде кейін дамыған. Бұған бірнеше фактор әсер етеді: біріншіден, мектеп бағдарламасында драмалық шығармалардың саны шектеулі; екіншіден, оны оқытуда нақты теориялық-әдістемелік негіздердің жетіспеуі байқалады. Нақтылай кететін болсақ, 8-сыныпта арнайы сағат бөлініп Д. Исабековтың «Әпке» драмасы

ғана оқытылады. Бұл жағдай драмалық жанрды мектепте оқытуды жетілдіру қажеттілігін айқындайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 8-сынып бағдарламасындағы драмалық шығарма бірнеше рет алмастырылған. Алғашында, 1997 жылы әзірленген 5-9 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» бағдарламасының жобасында, кейінірек 1999 жылғы бағдарламаның негізінде Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы оқытылған. Алайда, 2010 жылы бекітілген бағдарламада бұл шығарма Д. Исабековтің «Әпке» драмасымен алмастырылды. Аталған екі туынды да оқушылардың танымдық және тәрбиелік деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады. Дегенмен, драмалық шығарманың табиғатын жан-жақты ашуға бір ғана мәтін жеткіліксіз. Жоғары сыныптарда әдебиетті тарихи-теориялық тұрғыдан оқыту барысында драмалық шығармалар жазушының шығармашылық мұрасын зерделеу аясында қарастырылады. Мәселен, 11-сыныпта Ғ. Мүсіреповтің шығармашылығын оқу кезінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясы, М. Әуезов шығармашылығын монографиялық тәсілде зерделегенде «Еңлік-Кебек» пьесасы, ал Б. Майлиннің шығармаларын қарастырғанда «Майдан» пьесасы оқытылады. Алайда, жоғары сыныптардағы әдебиет пәнінің шолу сипатында берілуі бұл туындыларды жеке талдауға жеткілікті мүмкіндік жасамайды. Мысалы, Б. Майлин шығармашылығына арналған сағат саны шектеулі: «Азат әйел», «Көңіл айту» өлеңдері және «Майдан» пьесасы екі сағат көлемінде ғана қарастырылады. Бұл жағдай драмалық шығарманы өлең жанрымен қатар оқытуды талап еткендіктен, пьесаны толыққанды талдауға мүмкіндік бермейді, сол сияқты Ж. Аймауытовтың «Шернияз» пьесасы «Ақбілек» романымен бірге үш сағатқа жоспарланған. Сонымен қатар, 11-сынып бағдарламасында «1960 жылдардан бүгінгі күнге дейінгі әдебиетке жалпы шолу (2 сағат)» тақырыбы берілген, оның аясында да драмалық шығармаларға қысқаша тоқталу қажеттігі көрсетілген [4]. Бағдарлама драмалық шығармаларда тартыс, кейіпкер мінезі, монолог пен диалог секілді негізгі элементтерді қарастыруды міндеттейді.

«Қазақ әдебиетін» оқыту әдістемесі саласындағы зерттеулерде драмалық шығармаларды оқыту мәселесі жан-жақты қарастырылмаған. Драмалық шығармалар – оқиғаның диалог түрінде берілуімен, кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы ашылуымен ерекшеленеді. Жанрдың сахналық қойылымға арналған ерекшелігі оны мектеп бағдарламасында оқып-үйрену барысында белгілі бір қиындықтар тудыруы мүмкін. Дегенмен, драмалық шығармаларды тиімді талдау, меңгерту әдістері ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүйеленіп, нақты әдістер ұсынылуы қажет.

Драмалық шығармаларды оқыту әдістемесін қарастырған зерттеушілер саны шектеулі. Осы бағытта ғылыми-әдістемелік құрал әзірлеген ғалымдардың бірі – С. Дүкенбаев. Оның «Мектепте драмалық шығармаларды оқыту»

атты әдістемелік көмекші құралы жарық көрген [5]. Бұл еңбекте драмалық шығармаларды талдау әдістері мен олардың оқыту ерекшеліктері жүйелі түрде қарастырылған. «Драмалық шығармаларды оқыту» тақырыбы аясында ғылыми зерттеулер жүргізіліп, Р. Бораш (2006) кандидаттық диссертация қорғаған [6]. Одан бөлек белгілі ғалым Б. Жұмақасеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты оқулығында драмалық шығармаларды оқыту әдістеріне кеңінен тоқталады. Жоғарыда аталған нақты мәліметтерге сүйене отырып, орта білім беру бағдарламасында драмалық шығармаларды оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттігі туындап отырғанын көре аламыз. Драмалық шығармаларды жеке талдауға сағат саны жеткіліксіз бөлінгендіктен, бұл жанрдың ерекшеліктерін оқушыларға толыққанды меңгерту қиынға соғуда.

Драмалық шығармалар диалогке негізделгендіктен, оның тілдік құрылымы ерекше маңызға ие. Диалог – драмалық тілдің негізгі құрылымдық элементі, сондықтан оны терең талдау шығарманың мәнін ашуға мүмкіндік береді. Драмалық тіл – бұл тек кейіпкерлердің қарапайым сөйлеу үлгісі ғана емес, сонымен қатар авторлық мақсатқа сәйкес құрылымдалған көркем тіл үлгісі болып табылады. Мысалы, әлемдік драматургияда У. Шекспир шығармалары диалогтерінің шынайылығы, дәлдігі, өткірлігі және көркемдік ерекшеліктерімен танымал. Драмалық кейіпкерлердің болмысы олардың іс-әрекеттері арқылы ашылады, яғни олардың сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысы, киімі және сахнадағы қимыл-қозғалысы маңызды рөл атқарады. Осыған орай, «драма табиғаты туралы пікірталастар шет ел ғалымдары арасында да көптен бері жалғасып келеді. Кейбір ғалымдар оны білім берудің маңызды бөлігі ретінде қарастырса, басқалары оны театрлық өнер ретінде бағалайды» [7, 13-б.]. Осылай пікір білдіре келе, мектептегі тәжірибелік жұмыстың маңызына тоқталады. Драманың басқа өнер түрлері сияқты «жасау, орындай, бағалау» үрдісінен тұратынын және осы жолмен іздену керектігін жеткізеді. Ағылшын ғалымы Т. Греммин мектептегі драма түрліше түсіндіріліп, әртүрлі әдістермен жүзеге асатынын жазады. Ол әдістер ретінде: қойылым қою, рөлдік ойындар өткізу, мектептегі тарихи күндері театр қойылымдарына бару, поэзиялық қойылымдар, би-драма, бейнеролик түсіру, «қатырып қою» (freeze frame) техникасын атап көрсетеді [8, 117-6.].

Интербелсенді әдістер – оқушылардың әдеби шығармаларды тереңірек түсінуіне және эмоционалдық тұрғыдан қабылдауын күшейтуге арналған тиімді әдістердің бірі. Интербелсенді әдістер: рөлдік ойындар, сахналық қойылым, импровизация әдісі, кейіпкерлер мінезін зерттеу, дебат, пікірталас т.б. әдістерді құрайды. Әдебиеттік оқу сабағында жоғарыда аталған итербелсенді әдістерді қолдану оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Аталған әдістердің ішінен дебат пен пікірталас әдістерінің драмалық шығармаларды оқытудағы артықшылықтары

көп. Себебі әр тұлғаның өмірде орын алып жатқан оқиғаларға деген пікірі мен қалыптасқан көзқарасы болады. Бір оқушы өз ойын көптің алдында қысылмай айта алуы мүмкін, сондықтан да оған ойын ауызша жеткізу, қорыту оңайырақ. Сол секілді екінші топтың шаршы топ алдында ойын ашық жеткізуден қаймығуы мүмкін. Бұл да бүгінгі қоғамның дерті. Ендігі кезекте пікірталас деген не және оның түрлерінің қандай екеніне тоқталайық.

Пікірталас – түрлі көзқарастар мен ой-пікірлерді ортаға салу, салыстыру, талдау және салғастыру арқылы жеке көзқарасты дәлелді түрде негіздеуге бағытталған әдіс. Аталған әдіс тұлғаның көшбасшылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін тиімді құралдардың бірі ретінде қарастырылады. Әдеби шығарманы оқытуда пікірталас мынадай мақсаттарды көздейді: оқушылардың шығарманы сыни тұрғыдан қабылдауына ықпал ету; кейіпкерлер әрекетін талдау арқылы моральдық құндылықтарды анықтау; әдеби мәтіннің өзектілігін айқындау; оқушылар арасында өзара диалог қалыптастыру. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады. Н. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу – оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі. Ол субъектіге тартылатын әңгімелесудің үш түрін құрайды: әңгіме-дебат, кумулятивтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме [9, 51-б.].

Аталған үш әңгімелесудің әңгіме-дебат түрі пікірталас әдісімен жақын келеді. Бұл белгілі бір тақырып бойынша екі тараптың дәлелдер арқылы пікір қорғауы. Екі тарап пікірталас жүргізу арқылы идея аламасады, өз пікірін жеткізуге және қорғауға дағдыланады. Пікірсайыс туралы зерттеуші ғалым Г. М. Масгрейв «Comperative debate» атты еңбегінде: «Формалды пікірсайыс – бұл білім беру процесінің бір түрі ретінде бәсекеге қабілетті, зияткерлік тұрғыдан қызықты әрекет болып табылады, оның негізгі мақсаты – идеяларды жеткізу», – деп жазады [10, 23-б.]. Оның артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы Х. Шредер, Д. Г. Эберт атты ғалымдар: «Пікірсайыс – қарама-қайшы теориялар мен күрделі мәселелерге балама шешімдерді тұжырымдауға мүмкіндік беретін тиімді құрал. Пікірсайыс білім алушыларға біршама мүмкіндіктер ұсынады, соның ішінде оқытушы мен оқушының субъективті көзқарасын азайту, кітапханалық зерттеу дағдыларын жетілдіру, сыни және логикалық ойлауды ынталандыру, көпшілік алдында сөйлеу мен коммуникация дағдыларын дамыту, сондай-ақ білім алуға деген ынтаны арттыру», – деп пікірсайыстың артықшылығын зерттеп, оқыту процесінде белсенді пайдаланған болатын [11, 248-б.]. Аталған артықшылықтары мен шет елдің оқыту бағдарламаларында көптеп қолданылуы – пікірталас жүргізудің онтайлылығын көрсетеді.

Дебат және пікірталас әдістерін драмалық шығармаларды оқытуда қолданудың маңызы зор және оның бірнеше жолдары бар.

Біріншісі – кейіпкер позициясын қорғау. Бұл әдісте белгілі бір кейіпкердің көзқарасын қорғап, оның әрекеттерін негіздеуге тырысады. Мысалы, сабақта М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» драмасын өту барысында пікірсайыс тақырыбы ретінде «Еңлік пен Кебектің әрекеті – дәстүрге қарсы шыққан бүлік емес, махаббат пен еркіндік жолындағы күрес» атты тақырып таңдалып алынады да, оқушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші жақтаушы топтың ұстанымы: Еңлік пен Кебек – қоғамдық нормалар мен ру заңдарына қарсы тұрып, өз махаббатын қорғаған, тұлғалық еркіндік үшін күрескен қайраткер бейнелер. Бұл – жеке адам бостандығы мен ар-ождан еркіндігі мәселесін көтеретін әрекет. Олардың трагедиясы – қоғамдағы қатынастардың қатыгез салдары. Демек, жақтаушы топ аталған тақырыпта алдын ала дайындықпен дәлел келтіреді. Дәлел ретінде: Кебектің әрекеттерінен оның Еңлікке деген шынайы сезімі және екі жастың да өз тағдырын өздері шешуге ұмтылғаны байқалатынын айтады. Шығармадан Еңліктің мына бір монологының үзіндісін: «Асыға ма алып ұшқан үмітім. Бар тілекпен бір сапарға бет қойдым...Жазғырармысың, бұлдыр күн? Жазығым бар ма?.. Жазығым бар ма, кінәлімін бе, әлде мен? Атам, анам, туған үйім кеш мені. Бауырыңда өскен балапан бағын тілеп ұшам деді қияға. Кәңілімін бе, кәрі тас?! Ойласаң менің мұңымды, ұқсас керек барымды!.. Игілік пен сәскеде келтір жалғыз жанымды...», – дәлел ретінде ұсына алады [12, 34-6.].

Екінші даттаушы топтың ұстанымы: Еңлік пен Кебектің әрекеті – руаралық татулықты бұзған, тәртіпке бағынбағандық. Дәстүр мен салтты елемей – қоғамда бүлік туғызады. Олар өз сезімдерін жоғары қойып, салт-дәстүрге қарсы шықты. Даттаушы топ та өз ұстанымы бойынша: Еңлік пен Кебекке кесілген үкім – сол заман заңына сай әділетті шешім ретінде қабылданған деп дәлел келтіреді.

Осы пікірталас кейіпкердің ішкі мотивациясын, әлеуметтік ортаға қарсы тұру әрекетін, сондай-ақ әдеби бейненің идеялық қызметін сараптайды. Бұл тәсіл оқушыны терең ойлауға, эстетикалық және этикалық пайымдаулар жасауға баулиды. Бұл тәсіл мәтінді мұқият талдауға және кейіпкер ішкі мотивін түсінуге үйретеді.

Екіншісі – әдеби шығармадағы түрлі қақтығыстарды талдау. Бұл тәсіл арқылы шығармадағы түйіткілді мәселені тереңірек түсінуге, зерделеуге көмектеседі. Осылайша оқушылар шығармадағы моральдық-этикалық мәселелерді талқылап, өз көзқарасын дәлелдеуге үйренеді. Мәселен, шығарма тақырыбы ретінде Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмасын қарастырып көрейік. Дебаттың тақырыбы: «Трагедияға себеп – Жантықтың сатқындығы емес, Қарабайдың қатыгездігі». Жақтаушы топ: Қарабай – қыз тағдырын саудаға салған әке. Қақтығыстың басты себебі – ата-аналық эгоизм. Даттаушы топ: Жантық – сенімге қиянат жасап, трагедияны ушықтырған

нақты кінәлі. Жоғарыда аталған екі ұстаным негізінде қактығысты талдау арқылы оқушылар драмалық құрылымның негізін құрайтын ішкі және сыртқы себептерді айқындап, кейіпкерлерді мотивациялық тұрғыдан талдауға дағдыланады.

Үшіншісі – тарихи-көркем шындықты салыстыру. Оқушылар драмалық шығармалардағы оқиғалар мен тарихи шындық арасындағы байланысты зерттей алады. Бұл тәсіл оқушылардың тарихи және әдеби білімін ұштастыруға мүмкіндік береді. Шығарма тақырыбы ретінде М. Әуезовтің «Хан Кене» драмасын алайық. Дебаттың тақырыбы: «Кенесары – халық бостандығы үшін күрескен ұлт қаһарманы». Жақтаушы топ: Кенесары – Ресей отаршылдығына қарсы тұрған тарихи тұлға, автор оны халық батыры ретінде әділ бейнелейді. Даттаушы топ: Пьесада Кенесары бейнесі идеализацияланған, нақты тарихи деректермен салыстырғанда біржақты берілген. Бұл тақырып барысында оқушылар тарихи сана мен көркемдік қиял шекарасын ажыратуға үйренеді. Оқушылар әдебиетті дерек көзі ретінде пайдаланып, тарихи-философиялық пайым жасауға дағдыланады. Дебаттың мұндай форматтары: оқушының сөз сөйлеу мәдениетін, дәлелмен сөйлеуін, критикалық ойлауын дамытады; шығарманы жай мазмұндап шығудан терең интерпретациялауға жол ашады; жеке пікір қалыптастыру, құндылықтар жүйесін ұғыну секілді білімнің тұлғалық аспектілтерерін қалыптастырады.

Дебат бағдарламасы Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде оқушылар студенттер арасында танымал бола бастады. Петр Ждановтың «Дебаты. Искусство побеждать» атты кітабында: «бұл бағдарламаны мектеп бағдарламасына енгізу арқылы оқушыларды белсенді, еркін, ашық және сыни тұрғыдан ойлайтын пікір алмасуға тарту, сондай-ақ мазмұнды аргументация арқылы басқаларды сендіруге үйрету көзделді. «Дебат» арқылы оқушылар өз пікірлерін еркін білдіруге, өзіне деген сенімділікті нығайтуға, сондай-ақ басқа оқушылармен маңызды мәселелерді талқылауға мүмкіндік алатын еді», – деді [13, 12-б.].

Әдістемелік талаптар пәннің ерекшеліктері мен оқытылатын шығарманың табиғатына негізделіп анықталады. Осы тұрғыдан алғанда, драмалық шығарманың басты ерекшеліктерінің бірі – оның диалогтық әрекетке негізделуі және театр сахнасына қойылуға лайықталып жазылуы. Драмдағы көркем тіл монологтар мен кейіпкерлер арасындағы диалогтардан тұрады. Диалогтар көбінесе сахналық әрекетке айналады. К. С. Станиславский «сахнада сөйлеу дегеніміз – әрекет ету» деп атап көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, пьеса кейіпкері өз ойын тек сөз арқылы ғана емес, үнсіздік, іштей сөйлеу, үзілістер, ишаралар мен қимылдар арқылы да жеткізе алады. Осындай элементтердің барлығы драманың көркемдік ерекшелігін айқындай түседі. Сонымен қатар, дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері де шығарманың мазмұнын

ашуда маңызды рөл атқарады. Осы себепті драмалық шығармаларды сыныпта дауыстап оқу – оларды талдаудың алғашқы әрі негізгі кезеңдерінің бірі болып есептеледі. Дауыстап оқу драмалық оқиғаның, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен олардың арасындағы қатығыстардың оқушы санасында айқын көрініс табуына ықпал етеді. Бұл әдіссіз шығарманың идеялық мазмұнын түсіну және ондағы тартысты ұғыну қиынға соғады.

Әдіскер-мұғалім Т. С. Зепалованың «Уроки литературы и театр» атты еңбегінде драмалық шығармаларды оқытудың бірнеше әдістері ұсынылған:

1 Мұғалімнің оқуы. 2 Рөлмен оқу. 3 Оқушының жекелеген сценаны оқуы [14].

Автордың пікірінше, мұғалім күрделі драмалық шығарманы өзі оқығанда, оқушылар пьесаның идеялық-көркемдік тұтастығын жақсырақ қабылдайды, бұл өз кезегінде шығарманы талдауды жеңілдетеді. Дегенмен, драмалық шығармаларды оқытуда ең кең тараған әдістердің бірі – рөлмен оқу. Зерттеушілердің пайымдауынша, драмалық шығармаларды бірден рөлмен оқу әрдайым тиімді бола бермейді. Себебі, рөлмен оқығанда оқушылар назарын тек оқу техникасына аударады, ал пьесаның көркемдік табиғаты көмескіленіп қалуы мүмкін.

Драмалық шығармаларды оқыту үдерісіндегі дидактикалық мақсаттар мен міндеттерді нақтылау бұл жанрдағы туындыларды жүйелі түрде оқытуға негіз қалайды. Сонымен қатар, мектептегі бастауыш, орта және жоғары сыныптардағы білім мазмұны арасындағы сабақтастықты сақтау – білім беру қағидаларының бірі ретінде қарастырылады. Мектепте драмалық жанр туралы алған теориялық және практикалық білімдер оқушылар үшін болашақ өмірде де өз маңызын жоғалтпай, түрлі жағдайларда қолданыс табуы мүмкін.

Драмалық шығармаларды зерттеген мамандар пьесаларды сыныпта оқу тәжірибесін қолдайды. Әрине, шығарма көлеміне байланысты оны толық немесе жекелеген бөлімдерін оқыту мүмкіндігі қарастырылады. Пьесаны сыныпта оқу ұжымдық жұмыс ретінде жүзеге асырылады. Кейіпкерлерді оқу барысында олардың бейнесін елестету – психологиялық құбылыс болып табылады. Осыған байланысты мұғалім оқушылардың елестету үдерісін дамыту үшін олардың қиялын белсендіруге ықпал етуі қажет. Драмалық мәтінде кейіпкерлердің портреттік сипаттамалары нақты берілмегенімен, афишалар мен режиссерлік нұсқауларда олардың жас ерекшелігі, мінез-құлқы, кәсібі, киім үлгісі және басқа да сипаттамалар көрсетіледі. Сондықтан кейіпкерлердің бейнесін елестету шығармашылық көзқарасты, әдеби типологияны терең түсінуді талап етеді. Кейіпкер бейнесін дұрыс қабылдаған оқушы оның сөйлеу мәнерін де сәйкесінше түсіне алады.

Драмалық шығарманы оқытпас бұрын мұғалім тақырыпқа кіріспе жасап, пьесаға қатысты негізгі ақпараттарды ұсынғаны жөн. Бұл кезеңде шығарма

тақырыбы, жазылу мерзімі, тарихи контексті, құрылымдық ерекшеліктері, әдебиеттегі маңызы мен театр сахнасындағы орны туралы мәліметтер беріледі. Сонымен қатар, пьесаны сахналаған режиссерлер мен кейіпкерлерді сомдаған актерлер туралы ақпарат ұсыну да маңызды.

Ендігі кезекте 8-сыныптағы Д. Исабековтің «Әпке» драмасын оқыту әдістемесіне тоқталайық. Драма Жазушылар одағы мен Мәдениет министрлігінің байқауында бірінші жүлдеге ие болып, сахнада жиі қойылатын көркем туынды ретінде бағаланады. Бұл пьеса – автордың драматургия жанрындағы маңызды ізденісінің нәтижесі екені белгілі. Шығармада жастар өмірі көркем бейнеленіп, олардың тұлғалық қалыптасу үдерісі көрсетіледі. Кейіпкерлер өмірдің түрлі қиындықтарын еңсеру арқылы шындалып, азаматтық болмысын қалыптастырады. Драматургиялық тұжырымдар мен авторлық ой осы мәселелерді қамтиды.

Шығарманың оқиғасы ағайынды төрт баланың тағдыры төңірегінде өрбиді. Олардың азаматтық ұстанымы мен өмірлік көзқарасы драмалық тартыстар барысында қалыптасады. Анасы қайтыс болғаннан кейін, іні-қарындастарын тәрбиелеу міндеті Қамажайдың мойнына жүктеледі. Ол – пьесаның негізгі тірегі. Шығарманың «Әпке» деп аталуы да осы кейіпкермен байланысты. Қамажай – өте нәзік жүректі, үлкен сезімнің иесі. Ол бауырларын өсіру, жетілдіру жолында көптеген қиындықтарға тап болады. Автор бейнелеген Қамажай – жеке басының мүддесінен гөрі бауырларының болашағын бірінші орынға қоятын, аналық сезімін жеке өміріне айырбастаған, адамгершілік биігіне көтерілген кейіпкер.

«Әпке» – бүгінгі жастар өмірін бейнелейтін, отбасылық және қоғамдық жауапкершілік, туыстық қарым-қатынас мәселелерін көтеретін шығарма. Драма арқылы оқушыларға жақын адамдар арасындағы психологиялық мәселелерді, адамдық және отбасылық борыш ұғымдарын түсіндіруге, өмірлік құндылықтар туралы ой қозғауға мүмкіндік бар. Д. Исабековтің «Әпке» драмасын орта сынып оқушыларына тиімді меңгерту үшін қолданылатын дебат және пікірталас әдістерінің мүмкіндіктері саралап көрейік. Бүгінгі білім беру кеңістігінде білім алушыны дайын білім алушы емес, сол білімді өздігінен іздеп, талдап, саралап, дәлелдей алатын субъект ретінде қарастыру маңызды. Осы тұрғыда драма жанры, әсіресе Дулат Исабековтің «Әпке» шығармасы — әлеуметтанушылық, психологиялық, отбасылық мәселелерді көтеру арқылы пікірталас тудыруға аса қолайлы туынды. «Әпке» драмасының әлеуеті мен проблематикасы зор. Пьеса қазақ отбасындағы үлкен мен кішінің, жеке таңдау мен қоғамдық моральдың, дәстүр мен қазіргі көзқарастың арақатынасы туралы терең сұрақтар қояды. Сабақ барысында дебат және пікірталас әдістерін қолдану арқылы шығарманың маңызын терең түсіне аламыз.

Аталған әдіс бойынша оқушылар шығармамен танысып, берілген тақырып бойынша дайындықпен келеді. Білім алушыларға берілген тақырыптың біріншісі «Қамажай – өз тағдырын өзі таңдаған тұлға». Бұл тақырыптың мақсаты: Қамажайдың бауырлар алдындағы жауапкершілік пен жеке өмірі арасындағы күресін саралау. Мақсатқа жету үшін Карл Поппер форматы бойынша 3 спикерден тұратын екі тап 5 минуттық кіріспе, дәлелдер, қарсы уәж, қорытынды айтады және әр тарап шығарма мәтінімен жұмыс істейді. Нәтижесінде сабақ барысында кейіпкердің ішкі күресі ашылады, жеке тұлғалық еркіндік мәселесіне ой жүгіртеді.

Екінші тақырып – «Қазақ отбасында әпке тұлғасы әке орнын баса ала ма?». Осы берілген тақырып арқылы оқушылар Қамажайдың отбасындағы рөлі, аналық пен әпкелік бейнесін бағалауды меңгереді. Сабақ барысында аталған тақырып бойынша ашық пікірталас жүреді. Оқушылар шағын топтарда ойын жинақтап, дәлелмен бөліседі жіне психологиялық тұрғыда кейіпкерлерді бағалайды.

Үшінші тақырып – «Ағайын арасындағы жауапкершілік шектен тыс болған жағдайда жеке тұлғаның дамуына кедергі келтіреді». Осы дебат тақырыбы арқылы отбасы мен қоғам арасындағы тепе-теңдік, тұлғалық даму жолындағы кедергілер тақырыбында пікір алмасады. «Дискуссиялық шеңбер» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін тыңдай отырып, нақты мысалдармен дәлелдейді. «Фишбоун» әдісі арқылы мәселенің себебі мен салдарын ашып көрсетеді.

Дулат Исабековтің «Әпке» драмасын оқытуда дебат пен пікірталас әдістерін жүйелі қолдану – оқушының әдеби талдау деңгейін ғана емес, тұлғалық ұстанымын, азаматтық көзқарасын қалыптастырады. Шығармадағы әлеуметтік-отбасылық проблемаларды терең талқылау – жас ұрпақтың рухани санасын тәрбиелеудің тиімді жолы. Дебат – әдебиетті өмірмен байланыстыратын көпір.

Қорытынды

Қорыта келгенде, драмалық шығармалар күрделі құрылымымен ерекшеленеді. Бұл жанрды мектеп бағдарламасына енгізудегі негізгі қиындық – драмалық шығармалардың аз қамтылуы. Қазіргі таңда мектеп бағдарламасында драмалық шығармаларға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбей келеді. Жас ұрпақтың даму заңдылықтарына сәйкес әдебиет бағдарламасының мазмұны мен құрылымы да үнемі жаңарып отыруы қажет.

Зерттеу барысында драмалық жанрдың табиғаты мен оқу үрдісіндегі маңызы сараланып, оқушылардың сыни ойлауын дамыту, шығармаға терең бойлау және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда дебат пен пікірталастың ықпалы ерекше екені дәлелденді. Теориялық және тәжірибелік тұрғыдан алынған мәліметтер негізінде бұл әдістердің әдеби шығармаларды

оқытуда жаңа мазмұн мен сапа беретіндігі көрсетілді. Сонымен қатар, драмалық шығармалардағы кейіпкерлер мен қастығыстарды талдау арқылы оқушылардың әдеби талдау дағдыларын жетілдіру мүмкіндігі анықталды. Драмалық шығармаларды оқыту әдістерін жетілдіріп отырудың және оның оқушының дағдыларын дамытуда жетекші қызмет атқаруының маңызды көрсетілді. Бұл оқушылардың драмалық шығармаларды терең түсінуіне мүмкіндік береді.

Сыныптан тыс жұмыстар мен арнайы дебат, пікірсайыс сабақтары аясында пьесаларды оқыту және сахналау оқушылардың драмалық шығармалардың табиғатын түсінуіне, күрделі кейіпкерлер жүйесін зерттеуіне, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды ұғынуына ықпал ететін тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жанұзақова, Қ. Т.** Әдебиеттануға кіріспе. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы : «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 277 бет.

2 Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, –А., 2013. – 280-б.

3 **Жұмақасева, Б. Д.** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі : Оқулық. – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242-б.

4 Қазақ әдебиеті оқу бағдарламасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10–11 сыныптарына арналған. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясы, Астана, 2010.

5 **Дүкенбаев, С. Х.** Драмалық шығармаларды оқыту. – А., Мектеп. 1987.

6 **Бораш, Р. Б.** Драмалық шығармаларды оқытудың кейбір мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2006. – № 3.

7 **Heathcote, D., Bolton, G.** Drama for Learning: Dorothy Heathcote's Mantle of the Expert Approach to Education. – London : Heinemann. 1995.

8 **Cremin, T.** Drama in T. CREMIN and H. Dombey (eds.) / Handbook of Primary English in Initial Teacher Education Cambridge : UKLA and NATE, 2007. – P. 115–128.

9 Modern scientific challenges and trends : a collection scientific works of the International scientific conference (25th January, 2020) – Warsaw : «iScience», 2021. – P. 245–251.

10 **Musgrave, G. M.** Competitive debate. – New-York : H.W. Wilson Co., 1957.

11 **Schroeder, H., Ebert, D. G.** Debates as a business and society teaching technique // J Bus Educ. – 1983.– Vol. 58. – P. 266–269.

12 **Әуезов, М.** Еңлік-Кебек // Шығармалары: 12 т. – Алматы : Жазушы, 1969. – 8-т. : Пьесалар. Б. 5-48.

13 **Жданов, П.** Дебаты. Искусство побеждать. / П. Жданов. — Новосибирск : Сиб. унив. изд-во, 2009. – 302 с.

14 **Зепалова, Т. С.** Уроки литературы и театр. – М. : Просвещение, 1982.

References

1 **Zhanūzaqova, Q. T.** Ädebiettanuğa kirispe [Introduction to literary studies]. Filologiya fakultetleri studentterine arналған оқу құралы. – Алматы : «Qyzdar universiteti» baspasy, 2015. – 277 p.

2 Qazaq ädebieti pāni boyınsha qazaq mektepterine arналған baғdarlama [Kazakh Literature Curriculum] [Text]. V–IX, X–XI synypтар, – А., 2013. – 280 p.

3 **Jūmaqäeva, B. D.** Qazaq ädebietin oqytu ädistemesi [Methodology of teaching kazakh literature] : Oqūlyq. – Алматы : «Qyzdar universiteti» baspasy, 2015. – 242 p.

4 Qazaq ädebieti oqu baғdarlamasy oqytu qazaq tilinde жүргiziletin jalpy bilim беретin mekteptiñ qoғamdıq-gumanitarlyq baғyttaғы 10–11 synypтарына arналған [Kazakh Literature Curriculum]. Y. Altynsarin atyndaғы Ūlttyq ғылым akademıasy, Astana, 2010.

5 **Dūkenbaev, S. H.** Dramalyq shıғarmalardy oqytu [Teaching dramatic works]. – А. : Mektep, 1987.

6 **Borash, R. B.** Dramalyq shıғarmalardy oqytudıñ keibir mäseleleri [Some issues in teaching dramatic works]. // Qazaq tili men ädebieti. – 2006. – № 3.

7 **Heathcote, D., Bolton, G.** Drama for Learning: Dorothy Heathcote's Mantle of the Expert Approach to Education [Text]. – London : Heinemann, 1995.

8 **Cremin, T.** Drama in T. Cremin and H. Dombey (eds.) Handbook of Primary English in Initial Teacher Education. Cambridge [Text] : UKLA and NATE, 2007. – pp. 115–128.

9 Modern scientific challenges and trends : a collection scientific works of the International scientific conference (25th January, 2020). – Warsaw : «iScience», 2021. – pp. 245–251.

10 **Musgrave, G. M.** Com petitive Debate. – New York : H.W. Wilson Co., 1957.

11 **Schroeder, H., Ebert, D. G.** Debates as a Business and Society Teaching Technique // J. Bus. Educ [Text]. – 1983.– Vol. 58. – P. 266–269.

12 **Ауезов, М.** Еңлік-Кебек // Шығармалары [Enlik-Kebek] : 12 т. – Алматы : Жазышы, 1969. – 8-т.: П'есалар. P. 5–48.

13 **Jdanov, P.** Debaty. Iskusstvo pobezhdat' [Debates. The art of winning] / P. Jdanov. – Novosibirsk : Sib. univ. izd-vo, 2009. – 302 p.

14 **Zepalova, T. S.** Uroki literatury i teatr [Literature lessons and theatre]. – Moscow : Prosveshchenie, 1982.

14.04.24 ж. баспаға түсті.

20.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. Т. Жанузакова¹, А. Г. Турар²^{1,2}Қазақский национальный

женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 14.04.24.

Поступило с исправлениями 20.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДЕБАТОВ И ДИСКУССИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ДРАМАТИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

В данной статье всесторонне анализируются особенности драматического жанра, его значение и роль в образовательном процессе. Рассматривается эффективность преподавания драматических произведений в рамках школьной программы по литературе. В контексте современных требований к образовательной методике подчёркивается важность активных методов, таких как дебаты и дискуссии. Эти методы рассматриваются как эффективные инструменты для развития критического мышления учащихся, глубокого понимания литературного текста и формирования коммуникативных навыков на уроках литературы. Объектом исследования являются пьесы М. Ауэзова «Еңлік-Кебек», Г. Мусрепова «Козы Корпеш – Баян сулу» и Д. Исабекова «Апке». В статье раскрываются теоретические и методические основы анализа драматических произведений. Также рассматриваются мнения и научные труды зарубежных исследователей, касающиеся применения дебатов при изучении драматических текстов. Анализируются теоретические основания указанных методов и предлагаются пути их эффективного использования на уроках литературы. Кроме того, представлены практические приёмы, направленные на выявление роли дебатов и дискуссий в анализе персонажей и конфликтов в драматических произведениях. В статье систематизируются интерактивные методы обучения, связанные с изучением драмы, и они иллюстрируются конкретными примерами. Также предлагаются методические подходы к эффективному восприятию и усвоению драматических произведений учащимися.

Ключевые слова: драма, художественное произведение, методы обучения, интерактивное обучение, дебаты, дискуссия, образовательное содержание.

*K. T. Zhanuzakova¹, A. G. Turar²

^{1,2}Kazakh National Women's

Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 14.04.24.

Received in revised form 20.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

THE USE OF DEBATES AND DISCUSSIONS IN TEACHING DRAMATIC WORKS

This article provides a comprehensive analysis of the characteristics of the dramatic genre, as well as its significance and role in the educational process. The effectiveness of teaching dramatic works within the school literature curriculum is examined. Within the context of new requirements in modern education, the importance of active methods such as debates and discussions is highlighted. These methods are studied as effective tools for developing students' critical thinking, deep understanding of literary texts, and communication skills during literature classes. The research focuses on the plays «Enlik-Kebek» by M. Auezov, «Kozy Korpesh – Bayan Sulu» by G. Musrepov, and «Apke» by D. Isabekov. The article explores the theoretical and methodological foundations of analyzing dramatic works. It also reviews the perspectives and contributions of foreign scholars regarding the use of debate in the teaching of dramatic literature. The theoretical basis of the mentioned methods is discussed, and practical recommendations for their application in literature classes are proposed. Additionally, the article presents practical techniques to identify the role of debate and discussion in analyzing characters and conflicts in dramatic texts. Interactive teaching methods related to drama instruction are systematized and illustrated with specific examples. The article also offers methodological approaches for effectively engaging students in the perception and comprehension of dramatic works.

Keywords: drama, literary work, teaching methods, interactive learning, debate, discussion, educational content.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz